

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Қысқартылған шоғырландырылған аралық
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

*2019 жылғы 31 наурыздағы және осы күні
аяқталатын үш ай ішіндегі жағдай бойынша*

МАЗМҰНЫ

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

Шоғырландырылған аралық бухгалтерлік баланс.....	1-2
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған аралық есеп.....	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған аралық есеп	5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған аралық есеп	7
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер (аудиттелмеген).....	8-43

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС


<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2019 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	12.787.540	12.669.551
Материалдық емес активтер	7	1.587.141	1.611.163
Барлау және бағалау бойынша активтер		430.846	431.848
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		42.105	42.388
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	8	3.769.617	3.664.897
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек		414.115	431.276
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	166.543	176.360
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		111.148	131.192
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері		298.672	291.374
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	10	675.160	627.917
		20.282.887	20.077.966
Ағымдағы активтер			
Қорлар		584.462	611.094
Өтелуге жататын ҚҚС		143.919	151.750
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		93.487	68.857
Сауда дебиторлық берешек	12	910.891	747.873
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек		189.536	201.656
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	1.107.964	623.612
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері		56.980	57.257
Өзге де ағымдағы активтер	12	532.561	417.362
Ақша қаражаты және оның баламалары	13	1.564.504	2.487.533
		5.184.304	5.366.994
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер	5	139.384	200.396
Активтер жиыны		25.606.575	25.645.356

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2019 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Капитал және міндеттемелер			
Негізгі компанияның акционеріне тиесілі капитал			
Жарғылық капитал	13.1	5.148.766	5.133.766
Қосымша төленген капитал		17.303	17.303
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	13.5	1.299.991	1.333.529
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв		29.078	28.806
Хеджирлеу резерві		(45.313)	(67.163)
Өзге де капитал резервтері		(16.807)	(16.807)
Бөлінбеген пайда		5.316.376	5.078.098
		11.749.394	11.507.532
Бақыланбайтын қатысу үлесі		1.387.207	1.364.353
Капитал жиыны		13.136.601	12.871.885
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	5.932.488	6.035.456
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары		640.799	630.433
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	323.793	130.640
Резервтер		282.986	269.123
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер		921.195	915.415
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		95.870	94.243
Мұнай жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем	15	919.309	1.153.761
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		118.030	118.675
		9.234.470	9.347.746
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	14	690.082	817.319
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары		19.426	22.973
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	73.210	25.853
Резервтер		129.173	151.793
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		7.289	7.267
Төленуге жататын табыс салығы		16.368	18.699
Сауда және өзге де кредиттік берешек		942.894	995.322
Мұнай жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем	15	512.567	527.402
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	17	754.569	764.021
		3.145.578	3.330.649
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	5	89.926	95.076
Міндеттемелер жиыны		12.469.974	12.773.471
Капитал мен міндеттемелер жиыны		25.606.575	25.645.356

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор – Басқарма мүшесі



[Signature]
Бейбіт Қарымсақов

Бас бухгалтер

[Signature]
Алмаз Әбдірахманова

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2019 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттел- меген)	2018 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттелмеген) (қайта есептелген)*
Жалғасатын қызмет			
Түсім	18	2.533.063	2.118.669
Мемлекеттік субсидиялар		16.402	5.020
		2.549.465	2.123.689
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметердің өзіндік құны	19	(1.967.121)	(1.641.582)
Жалпы пайда		582.344	482.107
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(101.866)	(92.102)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	21	(204.556)	(161.144)
Құнсызданудан болған шығын, нетто	22	(9.167)	(9.198)
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен пайда	5	17.487	7.754
Бизнесті біріктіруден түскен кіріс	4	324	313.517
Операциялық қызметтен түскен пайда		284.566	540.934
Қаржылық кіріс		36.899	42.063
Қаржылық шығындар	23	(140.817)	(124.926)
Өзге де операциялық емес шығын	24	(9.018)	(10.090)
Өзге де операциялық емес кіріс		8.533	12.581
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто		240.785	179.540
Теріс бағам айырмасы, нетто	25	(12.314)	(73.909)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		408.634	566.193
Табыс салығы бойынша шығыстар		(78.814)	(63.169)
Жалғасатын қызметтен кезеңде түскен таза пайда		329.820	503.024
Тоқтатылған қызмет			
Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен түскен таза пайда			
Кезеңдегі таза пайда	5	-	(712)
		329.820	502.312
Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:			
Негізгі компанияның акционеріне		290.663	475.521
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		39.157	26.791
		329.820	502.312

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің

(аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескер.	2019 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттел- меген)	2018 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттелмеген) (қайта есептелген)*
Өзге де жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс</i>			
Есептілік валютасын қайта есептеу	13.5	(38.397)	(103.415)
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған (шығын)/пайда		(19)	11
Қауымдасқан компаниялардың және бірлескен кәсіпорындардың өзге де жиынтық кірісіндегі /(шығынындағы) үлес		664	(242)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша кіріс		22.157	3.039
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша іске асырылған таза пайда		7	136
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық шығын		(15.588)	(100.471)
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс</i>			
Қауымдасқан компаниялардың және бірлескен кәсіпорындардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлес		207	149
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық шығын		(535)	-
Жиынтық кіріс құрауыштарының салықтық әсері		29	-
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық (шығын)/кіріс		(299)	149
Табыс салығы шегерілген кезеңдегі өзге де жиынтық шығын		(15.887)	(100.322)
Табыс салығы шегерілген кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы		313.933	401.990
Мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:			
Негізгі компанияның акционеріне		278.965	388.295
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		34.968	13.695
		313.933	401.990

* Осында келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 31 наурызда аяқталған 3 ай ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген қайта есептеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтіріледі.

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Бейбіт Қарымсақов

Алмаз Әбдірахманова

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің

(аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП

Миллион теңгемен	Негізгі компания Акционеріне тиесілі										
	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Қосымша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв	Қосымша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Өзге де күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі
2017 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (қайта есептелген)		5.133.476	13.189	26.177	919.146	(54.666)	(16.742)	3.982.070	10.002.650	1.821.720	11.824.370
Жаңа ҚЕХС пайдаланудан болған нәтиже		-	-	2.835	-	-	-	(51.042)	(48.207)	(4.191)	(52.398)
2018 жылғы 1 қаңтарға сальдо		5.133.476	13.189	29.012	919.146	(54.666)	(16.742)	3.931.028	9.954.443	1.817.529	11.771.972
Кезеңге жиынтық кіріс		-	-	147	(69.360)	2.514	-	454.994	388.295	13.695	401.990
Акционердің өзге де салымдары		-	3.979	-	-	-	-	-	3.979	-	3.979
Акционерге өзге де бөлу		-	-	-	-	-	-	(6.616)	(6.616)	-	(6.616)
Еншілес ұйымдарды сатып алу		-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі –		-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
бақыланбайтын қатысу үлестерін сатып алу		-	-	-	-	-	-	-	-	76.762	76.762
Капиталдағы өзге де өзгерістер		-	-	-	-	-	-	72.576	72.576	(690.885)	(618.309)
2018 жылғы 31 наурыздағы сальдо (аудиттелмеген)		5.133.476	17.168	29.184	849.786	(52.152)	(16.742)	4.451.898	10.412.618	1.217.104	11.629.722

* Осында келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 31 наурызда аяқталған 3 ай ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген қайта есептеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертемеде келтіріледі.

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (жалғасы)

Негізгі компания Акционеріне тиесілі

Миллион теңгемен	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Қосымша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Өзге де күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жыны
Өзге де жиынтық кіріс арқылы өдіп құн бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв											
2018 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудиттелген) Жаңа ҚЕХС пайдаланудан болған нәтиже	2	5.133.766	17.303	28.806	1.333.529	(67.163)	(16.807)	5.078.098	11.507.532	1.364.353	12.871.885
2019 жылғы 1 қаңтарға сальдо		5.133.766	17.303	28.806	1.333.529	(67.163)	(16.807)	5.067.716	11.497.150	(5.850)	(16.232)
Кезеңге жиынтық кіріс		-	-	(18)	(33.538)	21.850	-	290.671	278.965	34.968	313.933
Акциялар шығарылымы	13.1	15.000	-	-	-	-	-	-	15.000	-	15.000
Акционермен болатын өзге де операциялар	13.2	-	-	-	-	-	-	(2.501)	(2.501)	-	(2.501)
Акционерге өзге де бөлу	13.3	-	-	-	-	-	-	(37.848)	(37.848)	-	(37.848)
4		-	-	-	-	-	-	-	-	12.116	12.116
Дивидендтер	13.4	-	-	-	-	-	-	-	-	(15.308)	(15.308)
Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлестерін сатып алу		-	-	-	-	-	-	(1.357)	(1.357)	(161)	(1.518)
Капиталдағы өзге де өзгерістер		-	-	290	-	-	-	(305)	(15)	(2.911)	(2.926)
2019 жылғы 31 наурыздағы сальдо (аудиттелмеген)		5.148.766	17.303	29.078	1.299.991	(45.313)	(16.807)	5.316.376	11.749.394	1.387.207	13.136.601

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің
(аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
АРАЛЫҚ ЕСЕП**

Миллион теңгемен	Ескер.	2019 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттелмеген)	2018 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Сатып алушылардан ақша түсімдері		2.393.400	2.267.760
Өнім жеткізушілерге ақша төлемдері		(1.550.451)	(1.376.464)
Жұмысшыларға ақша төлемдері		(227.931)	(227.100)
Өзге де салықтар мен төлемдер		(394.319)	(315.225)
Қаржы құралдарымен болатын операциялар (Қордың КО және Қазпочта)		(3.822)	5.893
Өзге де (төлемдер)/түсімдер, нетто		(63.919)	(15.071)
Бюджеттен ҚҚС қайтару		18.172	15.176
Төленген табыс салығы		(74.661)	(47.869)
Төленген пайыздар		(66.710)	(71.656)
Алынған пайыздар		42.459	46.613
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		72.218	282.057
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен барлау активтерін сатып алу		(247.084)	(220.881)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	8	7.396	90.289
Банктік депозиттерді (орналастыру)/алу, нетто		(489.662)	418.530
Қарыздар беру		(2.434)	(3.580)
Шыққан компаниялардың ақша қаражаты шегерілген еншілес компанияларды сатудан түскен түсімдер	5	56.760	-
БТА сатудан дебиторлық берешектің түсімі		4.000	-
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2.204)	(4.768)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу/(сату)		-	(3.235)
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақша қаражаты	4	5.563	2.921
Берілген қарыздарды өтеу		10.510	24.718
Борыш құралдарын сатып алу		(28.359)	-
Өзге де түсімдер, нетто		3.583	4.171
Инвестициялық қызметке ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/түсуі		(681.931)	308.165
Қаржы қызметінен түскен ақша ағындары			
Бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу		(1.477)	(618.309)
Қарыздар бойынша түсімдер		255.832	101.578
Қарыздарды өтеу		(450.446)	(154.203)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(17.650)	(4.328)
Акционерге бөлу		(79.859)	(18.710)
Жарғылық капиталға жарна	13.1	15.000	-
Еншілес ұйымдарда бақыланбайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер		(9.279)	(123)
Өзге де төлемдер		(3.087)	-
Қаржы қызметінде ақша қаражатының таза жұмсалуды		(290.966)	(694.095)
Ақша қаражаты және оның баламаларының таза азаюы		(900.679)	(103.873)
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(28.830)	(59.254)
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		6.470	44.969
Күтілетін кредит шығындарынан резервке өзгеріс		10	(3.092)
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		2.487.533	2.190.107
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	12	1.564.504	2.068.857

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Бейбіт Қарымсақов

Алмаз Әбдірахманова

9-43-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің

(аудиттелмеген) ажырама бөлігі болып табылады.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болып табылады.

Қор *26-ескертеме* санамаланған бірқатар мемлекеттік кәсіпорындарды (бұдан әрі - «Топ») біріктіретін холдинг болып табылады. Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Қазақстан Республикасының Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. 2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» №550-4 Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруы көзделуі тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (*30-ескертеме*):

- Мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату операцияларын қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау операцияларын қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері, сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды.
- Энергетикалық сегменті электр энергиясын өндіру және беру, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану операцияларын, Қазақстан Республикасы Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды.
- Тау-кен өндіру сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату, геологиялық барлау операцияларын қамтиды.
- Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады.
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыз беруді қамтиды.
- Өзгелей сегмент мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және өзге де операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген офісі мына мекенжайда орналасқан: Нұр-Сұлтан қаласы, Е10 көшесі, 17/10, Қазақстан Республикасы.

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің шығарылымын 2019 жылғы 31 мамырда Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері бекітті.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Жекешелендіру жоспары

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет бастапқы Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған жоспарын бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда Үкімет, алдындағы Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған жоспарын (бұдан әрі – «Жекешелендіру жоспары») ауыстырып, жаңа кешенді Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған жоспарын, сондай-ақ Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтер тізбесін бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2019 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік 34 «Аралық қаржылық есептілік» бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына («34 БЕХС») сәйкес дайындалды. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы айтылған жағдайларды қоспағанда, барлық ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзету

Топ өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын және тасымалдау мен өткізу бойынша шығыстарды қайта жіктеді, өйткені Топ осы қайта жіктеу осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін біршама орынды болады деп санайды.

Топ «Инкай» БК» ЖШС, «Қаратау» ЖШС және «Ақбастау» БК» ЖШС бойынша сатып алған күнгі инвестициялардың баланстық құны бойынша бизнесті сатып алудан түскен кіріс пен сатып алған күнгі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың әділ құны бойынша бизнесті сатып алғаннан түскен кіріс арасындағы айырмадан қалыптасқан бизнесті сатып алудан түскен кірісті көрсетіп, өзге де кірістерді түзетті.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ тоқтатылған қызмет ретінде KMG International N.V. (KMG I) тануды тоқтатты, өйткені тараптар KMG I компаниясына 51% қатысу үлесін сатып алу-сату шартының талаптары болып табылатын мәмілелерді жабу рәсімдерін аяқтамады және тиісінше мәміле өздігінен тоқтатылды. Тиісінше KMG I 5 ҚЕХС критерийлеріне біршама сәйкес келмейді. KMG I активтері мен міндеттемелері тоқтатылған қызмет мәртебесінен жалғасатын қызметке ауыстырылды.

2018 жылғы шілдеде Топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелген «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 100% акциясын Жалғыз акционерге беруді аяқтады.

2018 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепке түзетудің әсері төменде берілген:

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)**

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзету (жалғасы)

	Қайта есептеу					Қайта есептегеннен кейін
	Қайта есептегенге дейін	КМГИ	Қазақстан Инжиниринг	КМГ ҰК тобы (қайта жіктеу)	«КАӨ» ҰАК» АҚ	
Түсім	1.441.519	680.651	(3.500)	-	(1)	2.118.669
Мемлекеттік субсидиялар	5.020	-	-	-	-	5.020
	1.446.539	680.651	(3.500)	-	(1)	2.123.689
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(1.311.863)	(382.710)	3.268	52.860	(3.137)	(1.641.582)
Жалпы пайда	134.676	297.941	(232)	52.860	(3.138)	482.107
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(82.816)	(10.203)	917	-	-	(92.102)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	(93.477)	(15.027)	220	(52.860)	-	(161.144)
Құнсызданудан болған шығын, нетто	(7.511)	(1.685)	(2)	-	-	(9.198)
Еңшілес ұйымдардың шығуынан болған пайда	7.754	-	-	-	-	7.754
Бизнесісті біріктіруден болған кіріс	22.343	-	-	-	291.174	313.517
Операциялық қызметтен (шығын)/пайда	(19.031)	271.026	903	-	288.036	540.934
Қаржылай кіріс	41.894	338	(169)	-	-	42.063
Қаржылай шығындар	(122.527)	(3.066)	667	-	-	(124.926)
Өзге де операциялық емес шығын	(8.625)	(101)	100	-	(1.464)	(10.090)
Өзге де операциялық емес кіріс	11.096	2.175	(690)	-	-	12.581
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	179.640	-	(100)	-	-	179.540
Теріс бағамдық айырма, нетто	(73.908)	43	(44)	-	-	(73.909)
Табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	8.539	270.415	667	-	286.572	566.193
Табыс салығы бойынша шығыстар	(63.978)	131	45	-	633	(63.169)
Жалғасатын қызметтен кезеңдегі (шығын)/пайда	(55.439)	270.546	712	-	287.205	503.024
Тоқтатылған қызмет						
Табыс салығын шегергенде тоқтатылған қызметтен болатын пайда	270.421	(270.421)	(712)	-	-	(712)
Кезеңге таза пайда	214.982	125	-	-	287.205	502.312
Мыналарға келетін кезеңге таза пайда:						
Негізгі компанияның акционерлері	188.191	125	-	-	287.205	475.521
Бақыланбайтын қатысу үлесі	26.791	-	-	-	-	26.791
	214.982	125	-	-	287.205	502.312

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзету (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Қайта есептеу					Қайта есептегеннен кейін
	Қайта есептегенге дейін	KMGI	Қазақстан Инжиниринг	КМГ ҰК тобы (қайта жіктеу)	«КАӨ» ҰАК» АҚ	
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс</i>						
Есептілік валютасын қайта есептеу	(82.241)	-	-	-	(21.174)	(103.415)
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық шығын	(79.297)	-	-	-	(21.174)	(100.471)
Табыс салпығы шегерілген кезеңдегі өзге де жиынтық шығын	(79.148)	-	-	-	(21.174)	(100.322)
Табыс салпығы шегерілген кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы	135.834	125	-	-	266.031	401.990
Мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:						
Негізгі компанияның акционеріне	122.139	125	-	-	266.031	388.295
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	13.695	-	-	-	-	13.695

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасына қайта есептеу***Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы 2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - «функционалдық валюта»). Қысқартылған шоғырландырылған аралық теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмалардан пайда болатын кірістер мен шығындар пайдалар мен шығындар болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына былайша қайта есептеледі:

- ұсынылған бухгалтерлік баланстардың әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға барынша жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚКБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2019 жылғы 31 наурыз	2018 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы орташа алынған бағам	2018 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы орташа алынған бағам	2019 жылғы 31 мамыр
АҚШ доллары	380,04	384,20	378,13	323,15	382,56
Еуро	425,95	439,37	429,71	396,97	426,48
Ресей рублі	5,87	5,52	5,72	5,69	5,84

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындаған кезде қабылданған есепке алу қағидаттары 2019 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген, қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Сондай-ақ Топ алғаш рет 2018 жылы кейбір өзге де түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

- 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру.
- 9 «Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер.
- 19 «Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер.
- 28 «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, 2015-2017 жылдар кезеңі:

- 3 «Бизнесерді біріктіру» ҚЕХС (IFRS);
- 11 «Бірлескен кәсіпкерлік» ҚЕХС (IFRS);
- 12 «Пайда салықтары» ҚЕХС (IAS);
- 23 «Қарыздар бойынша шығындар» ҚЕХС (IAS).

Жоғарыда көрсетілген барлық түзетулер мен түсіндірмелер Топтың шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS)

Топ 16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) алғашқы рет қолдануды. 34 ҚЕХС (IAS) талаптарына сәйкес осы өзгерістердің сипаты мен әсері жайлы ақпарат төменде ашып көрсетілген.

16 ҚЕХС (IFRS) 17 «Жалдау» ҚЕХС-ті (IAS), 4 «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндірмесі, 15 «Операциялық жалдау – стимулдар» ПКР (SIC) түсіндірмесі және 27 «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» ПКР (SIC) түсіндірмесі ауыстырады. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алуының бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді.

16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалға алушы үшін есепке алу тәртібі 17 ҚЕХС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға алушылар екі түрлі: операциялық және қаржылық жалдауды бөле отырып, 17 ҚЕХС-тегі (IAS) сияқты жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып, жалдауды жіктеуді жалғастырады. Осылайша, 16 ҚЕХС (IAS) қолдану Топ жалға алушы болып табылатын жалдау шарттарын есепке алуға әсер етпеді.

Топ 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып 16 ҚЕХС-ті (IFRS) пайдалана бастады. Осы әдіске сәйкес стандарт бастапқы қолдану күнгі стандартты бастапқы қолданудың жиынтық нәтижесін танып, ретроспективті қолданылады. Стандартқа өту кезінде Топ шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін стандарттың практикалық сипатын оңайлатуды пайдаланушы шешті, ол бұрын бастапқы қолдану күні 17 ҚЕХС (IAS) пен ХҚЕТК (IAS) түсіндірмесін пайдалана отырып, жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілген болатын. Топ жалдау шарттары үшін танудан босатуы пайдалануды да шешті, ол бойынша жалдау мерзімі жалдау басталған күні 12 айдан аспайтын мерзімді құрайды және оған сатып алуға, сондай-ақ жалдару шарттары үшін опцион (қысқа мерзімді жалдау) жоқ, базалық активінің құны төмен (құны төмен активтерді жалдау).

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, колданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

16 «Жалдау» ҚЕХС-ті (IFRS) пайдаланудың аралық шоғырланадырылған бухгалтерлік баланса әсері:

<i>Миллион теңгемен</i>	2019 жылғы 1 қаңтарда
Активтер	
Негізгі құралдар	155.426
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	132
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	(2.364)
Өтелуге тиіс ҚҚС	15
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер	208
Активтердің жиыны	153.417
Капитал	
Бөлінбеген пайда	(10.382)
Бақыламайтын қатысу үлестері	(5.850)
	(16.232)
Міндеттемелер	
Жалдау бойынша міндеттемелер	171.662
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	(2.221)
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер	208
Капитал мен міндеттемелердің жиыны	153.417

16 ҚЕХС-ті (IFRS) пайдаланудың әсері сипаттамасы

Топтың ғимараттар мен құрылыстарды, түрлі қондырғыларды, машиналарды, көлік құралдарын және өзге де негізгі құралдарды жалдау шарттары бар. 16 ҚЕХС-ті (IFRS) пайдаланғанға дейін Топ жалгерлік қатынастардың басталу күні әрбір жалдау шартын (ол бойынша өзі жалгер болып табылған) қаржылық жалдау немесе операциялық жалдау ретінде жіктеп келді. Жалданған активке иелік етуге байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайда Топқа тапсырылған жағдайда жалдау шарты қаржылық жалдау ретінде жіктелді; әйтпегенде жалдау шарты операциялық жалдау ретінде жіктелді. Жалдау мерзімінің басталу күні қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша немесе бұл сома азырақ болса жалгерлік қатынастардың басталу күніне айқындалған ең аз жалгерлік төлемдердің келтірілген құны бойынша капиталға айналдырылды. Жалгерлік төлемдер пайыздар (қаржыландыру шығындары ретінде танылған) мен жалдау бойынша міндеттемелердің азаюы арасында бөлінді. Операциялық жалдау жағдайында жалға алынған мүліктің құны капиталға айналдырылмады, ал жалгерлік төлемдер жалдау мерзімі бойы желілік әдіспен пайда немесе шығын құрамындағы жалдау шығысы ретінде танылды. Барлық аванстық жалгерлік төлемдер мен есептелген жалгерлік төлемдер тиісінше алынған аванстар, сауда кредиторлық берешек және өзге де ағымдағы міндеттемелер ретінде танылды.

16 ҚЕХС-ті (IFRS) пайдалану нәтижесінде Топ қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен активтерді жалдаудан басқа барлық жалдау шарттарын тану мен бағалаудың бірыңғай тәсілдемесін пайдалана бастады. Топ стандартта көзделген айрықша ауыспалы талаптар мен практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолданды.

- *Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау*

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін Топ бастапқы тану күніне танылған активтер мен міндеттемелердің бастапқы баланстық құнын өзгерткен жоқ (яғни, пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау міндеттемелері 17 ҚЕХС-ті (IAS) пайдалана отырып танылған жалдау активтері мен жалдау міндеттемелерінің мөлшеріне тең келетін сомада бағаланды). 16 ҚЕХС (IFRS) талаптары мұндай жалдауға 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдаланылды.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, колданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

16 «Жалдау» ҚЕХС-ті (IFRS) пайдаланудың әсері сипаттамасы (жалғасы)

- *Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау*

Топ қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен активтерді жалдаудан басқа пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген, жалдауға арналған жалдау міндеттемелерін таныды. Жалдау шарттарының көпшілігі бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер стандарт үнемі колданылғандай, бірақ бастапқы пайдалану күніндегі қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған баланстық құн бойынша бағаланды. Кейбір жалдау шарттарында пайдалану құқығы нысанындағы активтер бұдан бұрын танылған мұндай жалдауға байланысты алдын ала жүзеге асырылған немесе есептелген жалгерлік төлемдердің мөлшеріне түзетілген, жалдау бойынша міндеттемелерге тең келетін мөлшер бойынша танылды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы қолдану күні қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған, қалған жалгерлік төлемдердің келтірілген құны бойынша танылды.

Топ сонымен қатар барлық қолда бар, практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолданды.

16 ҚЕХС-тің (IFRS) ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есепке әсері

Сонымен бірге 17 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес операциялық жалдау бойынша төлемдер операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағынының бір бөлігі ретінде көрсетілді, 16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалгерлік төлемдер жалдау міндеттемесінің пайыздық бөлігі және оның негізгі бөлігін өтеу бойынша ақшалай төлемдерге бөлінеді. 16 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес Топ негізгі борыштың өтелуін қаржы қызметінен түскен ақша ағынымен көрсетті. Топтың Корпоративтік есеп саясатына сәйкес төленген пайыздар операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағынының бір бөлігі ретінде жіктеледі. Жалгерлік міндеттемені бағалауға енгізілмеген қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер, құны төмен активтерді жалдау үшін төлемдер және құбылмалы жалгерлік төлемдер операциялық қызметтің бөліктері ретінде көрсетілді.

Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде бастапқы қолдану күнінен бастап пайдаланылған 16 ҚЕХС-ті (IFRS) қабылдау нәтижесінде Топтың жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

- *Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Топ жалдаудың басталу күні (яғни, базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күні) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып, жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығынды шегергендегі бастапқы баға бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша ынталандыратын төлемдерді шегергендегі жалдау бойынша мойындалған міндеттемелер көлемі, бастапқы тікелей шығын және жалдаудың басталу күні немесе мұндай күнге дейін төленген жалгерлік төлемдер кіреді. Егер Топ өзінің жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығына ие болатынына толығымен сенімді болмаса, онда пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің - активті тиімді пайдаланудың күтілетін мерзімінің немесе жалдау мерзімінің қысқасы ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану тұрғысынан тексеріледі.

- *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдаудың басталу күні Топ жалгерлік төлемдердің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді мойындайды, олар жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын болады. Жалгерлік төлемдер алынуға тиіс, жалдау бойынша ынталандыратын, кез-келген төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдерді (оның ішінде іс жүзіндегі тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болатын құбылмалы жалгерлік төлемдерді және таратылу құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін соманы қамтиды. Жалгерлік төлемдер сонымен қатар Топ опционды орындайды деген толық сенімділік бар жағдайда сатып алуға арналған опционды орындау бағасын және жалдау мерзімі жалдауды тоқтатуға Топтың опционды әлеуетті орындауын көрсететін жағдайда жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлемдерін қамтиды.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсіндірмелер мен түзетулер (жалғасы)

16 ҚЕХС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау шартында қабылданған пайыздық мөлшерлемені айқындау оңай болмаса, Топ жалгерлік төлемдердің келтірілген құнын есептеу үшін жалдау басталған күнгі қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің көлемі пайыздардың есептелетінін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалгерлік төлемдерді көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа түрлену, жалдау мерзімінің өзгеруі, тіркелген жалгерлік төлемдердің іс жүзінде өзгеруі немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалаудың өзгеруі жағдайында жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны қайта бағаланады.

- *Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау*

Топ өзінің негізгі құрал-жабдықтарды жалдаудың қысқа мерзімді келісімшарттарына (яғни жалдаудың басталу күні олар бойынша ескерілген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға опционды қамтымайтын шарттарға) қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қолданады. Топ сонымен қатар құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалгерлік төлемдер жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

- *Опционы ұзартылатын шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар*

Топ жалдау мерзімін жалдауды ұзартуға опцион көзделген кезеңдермен (егер ол орындалады дегенге толық сенімді болса) немесе оларға қатысты жалдауды тоқтатуға опцион көзделген кезеңдермен (егер ол орындалмайды дегенге толық сенімді болса) бірге мерзімінен бұрын тоқтатылмауы тиіс жалдау кезеңі ретінде айқындайды.

Топ осы ұзартылатын опционды орындайтынына толық сенімді екенін айқындау үшін пайымдауды қолданады. Бұл ретте ол жалдауды ұзартуға арналған опционды орындау үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына әкелетін барлық орынды факторларды есепке алады. Жалдау басталған күннен кейін Топ елеулі оқиға немесе Топтың бақылауындағы және жалдауды ұзартуға арналған опционды орындау (орындамау) қабілеттілігіне әсер ететін жағдайлар туындаған кезде жалдау мерзімін қайтадан бағалайды (мысалы, бизнес-стратегияны өзгерту).

3. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫҚ СИПАТЫ

Топтың операциялық шығындары маусымдық ауытқуларға ұшырайды. Материалдарға және жөндеуге, қызмет көрсетуге және өзге де қызметтерге жұмсалатын біршама жоғары шығындар, әдетте, алғашқы алты айда емес, жылдың соңына қарай күтіледі. Мұндай ауытқулар, негізінен, және екінші жартыжылдық ішінде тауарлар мен қызметтер сатып алу үшін бірінші жартыжылдық ішінде ресми ашық тендерлер өткізу талаптарынан туындайды.

4. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

«Хорасан-У» БК» ЖШС

Топ 2018 жылы желтоқсанда «Energy Asia Holdings (BVI) Limited» компаниясынан «Хорасан-У» БК» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 16.02%-ды сатып алу мәмілесін аяқтады. Жасалған мәміленің нәтижесінде «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы Топтың иелік ету үлесі 33,98%-дан 50%-ға дейін ұлғайды.

2019 жылы ақпанның соңында «Хорасан-У» БК» ЖШС құрылтайшылары компанияның құрылтай құжаттарындағы өзгерістерді мақұлдады, оларға сәйкес Топ қадағалау кеңесіндегі дауыстардың көпшілігін алды. Нәтижесінде Топ бұл күннен бастап «Хорасан-У» БК» ЖШС-ны бақылауды қабылдады. Есепті кезеңнің соңында бағалау жөніндегі есеп аяқталмағандықтан, Топ сатып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін баланстық құнды қолданды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)****«ХОРАСАН-У» БК» ЖШС (жалғасы)**

Сатып алған күні «Хорасан-У» БК» ЖШС-ның сәйкестендірілетін активтерінің, міндеттемелері мен шартты міндеттемелерінің алдын ала құны келесідей етіп көрсетілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сатып алған күні
Активтер	
Ұзақ мерзімді активтер	
Негізгі құралдар	19.710
Материалдық емес активтер	588
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	4.291
Қысқа мерзімді активтер	
Қорлар	6.018
Өтелетін ҚҚС	1.736
Сауда дебиторлық берешек	10.038
Өзге де ағымдағы активтер	62
Ақша қаражаты және оның баламалары	5.563
Активтердің жиыны	48.006
Міндеттемелер	
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	29
Резервтер	1.240
Ағымдағы міндеттемелер	
Қарыздар	17.441
Сауда-саттық және өзге де кредиторлық берешек	4.527
Төленетін табыс салығы	411
Резервтер	118
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	8
Міндеттемелердің жиыны	23.774
Сәйкестендірілетін таза активтердің әділ құнының жиыны	24.232
Минус:	
Бақыланбайтын қатысу үлесі	(12.116)
Сатып алған күнгі инвестицияның баланстық құны	(11.792)
Пайдалы сатып алудан түскен пайда	324

5. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР**Тоқтатылған қызмет**

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ KMG International N.V. (KMGI) компаниясын қызметін тоқтатқан ретінде тануды тоқтатты, өйткені тараптар KMGI компаниясына қатысу үлесінің 51%-ын сатып алу-сату шартының талаптары болып табылатын мәмілені жабу рәсімдерін аяқтамады, сөйтіп, мәміле автоматты түрде тоқтатылды. Соған сәйкес KMGI компаниясы 5 ҚЕХС өлшемшарттарына сәйкес келмейді. KMGI активтері мен міндеттемелері тоқтатылған қызметтен жалғасып жатқан қызметке ауыстырылды (2-ескертпе).

Топ 2018 жылы шілдеде «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ акцияларының 100%-ын Жалғыз акционерге беруді аяқтады. Топ «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ таза активтерінің шығуын Акционерге өзге де бөлулер ретінде таныды (2-ескертпе).

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР
(жалғасы)****Тоқтатылған қызмет (жалғасы)**

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ таза ақша ағыны бұдан әрі берілген:

**2018 жылғы 31 наурызда
аяқталған 3 ай үшін
(аудиттелмеген)***Миллион теңгемен*

Операциялық	28.114
Инвестициялық	(879)
Қаржылық	(32)
Ақша қаражатының таза түсімі	27.203

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер*«KMG Retail» ЖШС*

2019 жылғы 8 ақпанда Топ сатуға арналған ретінде жіктелген, шығатын топ ретінде жіктелген «KMG Retail» ЖШС-ға 100% қатысу үлесін 60.512 миллион теңгеге өткізуді аяқтады.

Бакылаудан айырылған күні «KMG Retail» ЖШС таза активтері келесідей етіп көрсетілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Шыққан күнгі таза активтер
Негізгі құралдар	34.266
Материалдық емес активтер	42
Ақша қаражаты және оның баламалары	2.288
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	6.556
Өзге де ағымдағы активтер	138
	43.290
Ағымдағы міндеттемелер	259
	259
Таза активтер	43.031

«KMG Retail» ЖШС-ның шығуынан түскен пайда 17.481 миллион теңгені құрады.

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (ҚБТУ)

2019 жылы қаңтарда ҚМГ және «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім қоры» қоғамдық қоры арасында жасалған ҚБТУ-ға қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу - сату шарты күшіне енді. Сатып алу - сату шартының талаптарына сәйкес акцияларды табыстау және олар үшін 11.370 миллион теңге төлеу екі жылдың ішінде үш траншпен жүзеге асырылады. 2019 жылғы 6 ақпанда ҚМГ 3.339 миллион теңге сомасындағы акциялардың бастапқы 30%-ның төлемін алды. ҚМГ акциялардың 30%-ы табысталып, қалған 70%-ын сенімгерлікпен басқару шартына кол қойылған соң ҚБТУ-ды бакылаудан айырылды де есептейді.

Бакылаудан айырылған күні ҚБТУ таза активтері келесідей етіп көрсетілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Шыққан күнгі таза активтер
Негізгі құралдар	6.367
Материалдық емес активтер	1.964
Кредит мекемелеріндегі қаражат	2.091
Ақша қаражаты және оның баламалары	4.732
Өзге де ағымдағы активтер	1.097
	16.251
Ағымдағы міндеттемелер	5.030
	5.030
Таза активтер	11.221

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР
(жалғасы)****Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер (жалғасы)***«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (ҚБТУ)*

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шығу күніне дейін ҚБТУ-дың көрген 143 миллион теңге сомасындағы шығынын шегергенде, ҚБТУ-дың шығуынан түскен пайда 6 миллион теңгені құрады.

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сегмент	2019 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
«Транстелеком» АҚ	Тасымалдау	100.504	96.283
«KMG Retail» ЖШС	Мұнай-газ	–	43.632
«Қазақстан-Британ техникалық университеті» ЖШС	Мұнай-газ	–	15.704
Өзгелері		38.880	44.777
		139.384	200.396

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сегмент	2019 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
«Транстелеком» АҚ	Тасымалдау	81.269	81.992
«KMG Retail» ЖШС	Мұнай-газ	–	375
«Қазақстан-Британ техникалық университеті» ЖШС	Мұнай-газ	–	4.659
Өзгелері		8.657	8.050
		89.926	95.076

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай-газ активтері	Құбыр жолдары және МӨЗ активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Темір жолдар және инфрақұрылым	Машиналар, жабдық және көлік құралдары	Тау-кен активтері	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық құны (аудиттелген)	4.290.879	2.339.017	992.802	1.098.920	2.872.034	136.320	83.302	856.277	12.669.551
16 ҚЕХС талаптарына сәйкес есепті кезеңнің басындағы сальдодағы өзгеріс (2-ескертпе)	257	5.559	37.670	-	108.696	-	3.244	-	155.426
Есептілік валютасын қайта есептеу	(41.794)	(6.673)	(714)	47	(1.418)	-	(91)	(10.585)	(61.228)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	2.727	-	75	-	-	-	-	-	2.802
Түсімдер	13.760	200	589	-	8.219	5.334	1.065	93.446	122.613
Жалдау шарты бойынша түсімдер	52.104	-	5.747	-	24.769	-	4.438	-	87.058
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу (4-ескертпе)	-	-	46	-	17	19.525	-	122	19.710
Шығару	(1.823)	(484)	(3.902)	(86)	(6.222)	-	(1.751)	(69)	(14.337)
Тозу бойынша шығыстар	(67.043)	(36.868)	(14.547)	(8.968)	(71.915)	(6.297)	(4.003)	-	(209.641)
Тозу және шығару бойынша құнсыздану	940	475	1.984	37	5.870	-	1.323	-	10.629
Түзету жасауды шегергендегі құнсыздануға арналған резерв, нетто	-	-	3	36	79	-	9	9	136
Тоқтатылған қызмет/сатуға арналған активтер(ден)/(ге)	-	-	-	-	-	89	2	-	445
Аударымдар	-	(18)	21	-	351	-	(8)	(479)	(492)
Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар	(2)	-	-	-	(3)	-	-	-	-
Барлау активтерінен/(не)/ инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударымдар	3.020	-	83	-	(32)	829	(77)	1.127	4.950
Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто	5	(15)	49	(1.710)	1.066	97	74	352	(82)
Өзге де аударымдар және қайта топтасулар	56.473	1.638	36.176	25.679	129.077	-	1.814	(250.857)	-
2019 жылғы 31 наурыздағы қалдық құны (аудиттелмеген)	4.309.503	2.302.831	1.056.082	1.113.955	3.070.588	155.897	89.341	689.343	12.787.540

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Құбыр жолдары және МӨЗ активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Темір жолдар және инфрақұрылым	Машиналар, жабдық және көлік құралдары	Тау-кен активтері	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны	5.703.863	3.360.632	1.512.721	1.345.713	4.940.365	244.005	199.648	841.873	18.148.820
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.394.360)	(1.057.801)	(456.639)	(231.758)	(1.869.777)	(88.108)	(110.307)	(152.530)	(5.361.280)
